

## Астрахан ауданы Жалтыр ауылының құрамдас бөліктерін қайта атау туралы

Ақмола облысы Астрахан ауданы Жалтыр ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 16 шілдедегі № 2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 6 тамызда № 6762 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, ауыл халқының пікірін ескере отырып және Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 18 сәуірдегі қорытындысы негізінде, Жалтыр ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Астрахан ауданы Жалтыр ауылының құрамдас бөліктері қайта аталсын:

- 1) Линейная 1 көшесін - Илияс Есенберлин көшесіне;
- 2) Казарма 685 көшесін - Бостандық көшесіне;
- 3) Карл Маркс көшесін - Ақан сері көшесіне;
- 4) Новая көшесін - Шоқан Уәлиханов көшесіне;
- 5) Грейдерная көшесін - Ақ жол көшесіне;
- 6) Астраханская көшесін - Құрманғазы көшесіне;
- 7) Нефтебазовская көшесін - Ынтымақ көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жалтыр ауылдық округі  
әкімінің міндетін атқарушы*

*Н.Лушкина*